

14. Jung C.G. *Man and His Symbols*. – London: Aldus Books, 1991. – 320 p.
15. Vygotskii L.S. *Voobrajenie i tvorcestvo v detskom vozraste*. – M.: Pedagogika, 2005. – 96 s.
16. Leontev A.N. *Deyatel'nost. Soznanie. Lichnost*. – M.: Smysl, 1977. – 304 s.
17. Bepalko V.P. *Slagaemye pedagogicheskoi tehnologii*. – M.: Pedagogika, 1989. – 192 s.
18. Lerner I.Ya. *Didakticheskie osnovy metodov obucheniya*. – M.: Pedagogika, 2002. – 186 s.
19. Guilford J.P. *The Nature of Human Intelligence*. – New York: McGraw-Hill, 1967. – 412 p.
20. Torrance E.P. *Creativity: A Factor in Education and Learning*. – London: Routledge, 2000. 192 p.
21. Tunik E.E. *Diagnostika kreativnosti: uchebno-metodicheskoe posobie*. – SPb.: Rech, 2003. – 128 s.
22. Zinchenko V.P. *Soznanie i tvorcheskaya aktivnost lichnosti*. – M.: Akademicheskii proekt, 2006. – 240s.

ГТАХР 14.35.01

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.88.4.014>

С.Ш.Изтлеуова,<sup>1\*</sup> Г.Р.Бахтиярова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

## БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ СИМУЛЯТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РӨЛІ

*Аңдатпа*

Мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігінің маңызды құрамдас бөлігі – коммуникативтік мәдениетті қалыптастырудағы симулятивтік технологиялардың рөлі талқыланады. Зерттеудің мақсаты еліміздегі және шет елдердегі зерттеулерге сүйене отырып, болашақ педагогтардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастырудағы симулятивтік технологиялардың мүмкіндіктерін талдау болып табылады. Мәселенің теориялық мәнін ашу үшін мазмұндық талдау, сыни тұрғыдан салыстыру, жүйелеу, тұжырымдау әдістері қолданылады.

Зерттеу барысында коммуникативтік мәдениет ұғымының мәні айқындалып, түрлі зерттеушілер тарапынан берілген көзқарастар сараланады және аталған сапаның бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби қызметіндегі рөлі анықталады. Қазіргі педагогикадағы болашақ мұғалімдердің коммуникативтік мәдениетін қалыптастырудағы негізгі қиындықтар мен кедергілер (теория мен практиканың алшақтығы, цифрлық коммуникацияның басымдығы, тұлғалық ерекшеліктер және элеуметтік-мәдени факторлар) талданып, оларды алдын алудың бірден-бір жолы ретінде тәжірибеге бағдарланған симулятивтік технологиялар ұсынылады. Шолу негізінде жоғары оқу орындарындағы педагогикалық үдеріс барысында симулятивтік технологияларды қолданудың болашақ педагогтардың кәсіби даярлығына ықпалы анықталып, білім алушылардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру үшін қолданылатын рөлдік ойындар, кейс-стади, виртуалды сыныптар сияқты практикалық әдістері мен олардың мүмкіндіктері атап өтіледі. Зерттеу нәтижелері коммуникативтік мәдениетті қалыптастырудағы симулятивтік технологиялардың теория мен тәжірибені байланыстыратын тиімділігін көрсетеді.

**Түйін сөздер:** коммуникативтік мәдениет, педагогикалық технологиялар, симулятивтік технологиялар, бастауыш сынып мұғалімі, болашақ мамандарды даярлау, тәжірибеге бағдарланған оқыту.

Изтлеуова С.Ш.,<sup>1\*</sup> Бахтиярова Г.Р.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, г.Актобе, Казахстан

## ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ РОЛЬ СИМУЛЯЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ФОРМИРОВАНИИ КОММУНИКАТИВНОЙ КУЛЬТУРЫ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

*Аннотация*

В статье рассматривается роль симуляционных технологий в формировании коммуникативной культуры – одного из важнейших составляющих профессиональной компетентности будущих учителей начальных классов. Цель исследования заключается в анализе возможностей симуляционных технологий в развитии коммуникативной культуры будущих педагогов на основе отечественных и зарубежных научных исследований. Для раскрытия теоретического аспекта проблемы использованы методы содержательного анализа, критического сопоставления, систематизации и обобщения.

В ходе исследования уточняется сущностное значение понятия «коммуникативная культура», анализируются различные научные подходы к его трактовке, а также определяется значение данного качества в профессиональной деятельности учителя начальных классов. Особое внимание уделено современным трудностям и барьерам в процессе формирования коммуникативной культуры у будущих педагогов, таких как разрыв между теорией и практикой, доминирование цифровых форм коммуникации, индивидуально-личностные особенности обучающихся и социокультурные факторы. В качестве эффективного решения обозначенных проблем предлагается внедрение практико-ориентированных симуляционных технологий. На основе обзора выявляется влияние использования симуляционных технологий в педагогическом процессе вузов на профессиональную подготовку будущих учителей. Акцент сделан на практические методы, способствующие формированию коммуникативной культуры обучающихся: ролевые игры, кейс-стади, виртуальные классы и др. Полученные результаты подтверждают, что симуляционные технологии являются эффективным инструментом, способствующим интеграции теории и практики в педагогической подготовке и формировании коммуникативной культуры будущих специалистов.

**Ключевые слова:** коммуникативная культура, педагогические технологии, симуляционные технологии, учитель начальных классов, подготовка будущих специалистов, практико-ориентированное обучение

Iztleuova S.,<sup>1\*</sup> Bakhtiyarova G.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

## THE PEDAGOGICAL ROLE OF SIMULATION TECHNOLOGIES IN THE FORMATION OF THE COMMUNICATIVE CULTURE OF PRIMARY SCHOOL TEACHERS

### Abstract

The article explores the role of simulation technologies in the development of communicative culture – one of the key professional and pedagogical competencies of future primary school teachers. The aim of the study is to analyze the potential of simulation technologies in fostering communicative culture among prospective educators, based on both national and international research. To reveal the theoretical foundations of the issue, methods such as content analysis, critical comparison, systematization, and generalization are employed.

The study clarifies the conceptual meaning of «communicative culture», analyzes various scholarly perspectives on its interpretation, and identifies the significance of this quality in the professional activities of primary school teachers. Particular attention is paid to current challenges and barriers in the process of developing communicative culture among future teachers, including the gap between theory and practice, the predominance of digital communication, individual personality traits of learners, and sociocultural factors. As an effective solution to these problems, the study proposes the implementation of practice-oriented simulation technologies. The review highlights the impact of applying simulation-based methods in the pedagogical process of higher education institutions on the professional training of future teachers. Emphasis is placed on practical tools that contribute to the formation of students' communicative culture, such as role-playing games, case studies, virtual classrooms, and others. The findings demonstrate that simulation technologies serve as an effective means of integrating theory and practice in teacher education and play a vital role in the formation of communicative culture among future professionals.

**Keywords:** communicative culture, pedagogical technologies, simulation technologies, primary school teacher, training of future specialists, practice-oriented training.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында көрсетілген ұлттық және жалпы адамзатқа тән құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау міндеті маман даярлауда мамандыққа қажетті білім мен дағдылар жиынтығын қалыптастыруды көздейді [1]. Осы тұста коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру болашақ бастауыш сынып мұғалімдері үшін кәсіби құзыреттіліктің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бүгінгі күні әлемдік деңгейдегі дидактикалық жүйе субъектіге бағытталған белсенді оқытуға баса назар аудара отырып, педагогтардың білім алушылармен, әріптестермен және жалпы қоғамдастықпен тиімді қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптасуының өзектілігін дәлелдей түсуде.

Аталған мәселе жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында да оқу нәтижелеріне бағдарлана отырып, жоғары білім беру мазмұнына қойылатын талаптар қатарында тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастың әртүрлі салаларындағы жағдайларды бағалау; тұлғааралық, мәдениетаралық және өндірістік

(кәсіптік) қарым-қатынас міндеттерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша нысанда коммуникацияға түсу; тілдік және сөйлеу құралдарын пайдалануды жүзеге асыру; қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпаратты талдау түрінде көрініс тапқан [2].

Осы орайда, біздің зерттеуімізге арқау болып отырған коммуникативтік мәдениет ғылымда жалпы педагогикалық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде қаралады. Зерттеуші М.Г. Вахницкая педагогтың коммуникативтік мәдениетін сөйлеу сапасымен байланыстырады. Ғалымның пайымдауынша, сөйлеудің коммуникативтік сапасына оның дұрыстығы, дәлдігі, түсініктілігі, мәнерлілігі мен айқындылығы және т.б. жатады. Жеке оқу пәндері бойынша сабақтарда мұғалімдердің ғылыми терминологияны дұрыс түсіндіруіне ерекше назар аударылады, бұл өз кезегінде сөйлеуді бір мағыналы етеді, тыңдаушылардың зейінін шоғырландырады [3, б. 90].

Ал Е.И.Мычко педагогтың коммуникативтік мәдениетін тұлғаның әлеммен, басқа адамдармен және өзімен өзара әрекеттестігі процесінде қалыптасатын интегралды сапасы ретінде анықтайды. Ғалымның пайымдауынша, ол мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі бола отырып, іс-әрекет пен қарым-қатынас арқылы дамиды. Білім беруді технологияландыру жағдайында коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру педагогтың тұлғалық және кәсіби өсуіне ықпал ете отырып, тәжірибеге бағытталған тәсілдермен, рефлексиямен және инновациялық әдістермен жүзеге асырылады [4, б.12].

Тәжірибеге сүйенсек, педагогикалық қызметте коммуникативтік мәдениет ұстаздың ауызша және вербалды емес қарым-қатынасын, эмпатияны, мәдени сананы және әртүрлі жағдайларға бейімделу қабілеттерін қамтиды. Бұл сапалар әсіресе оқу-тәрбие үдерісінде жағымды қарым-қатынас орнату, бүгінгі таңда білім беру саласында өзекті болып отырған инклюзивті және динамикалық оқу ортасын құру үшін қажет. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби тұрғыдан даярлауда аталған қабілеттерді қалыптастыру үшін білім алушылар арасында өзара белсенділікке негізделген оқыту технологияларының, оның ішінде симулятивтік технологиялардың мүмкіндіктері зор болып келеді.

Соңғы жылдары симулятивтік технологиялар әртүрлі салаларда (медицинада, техникалық бағытта, т.б.), соның ішінде педагог кадрларды даярлауда кәсіби дайындықты арттыру үшін белгілі бір дидактикалық жүйенің құралы ретінде кеңінен қолданыла бастады. Аталған технология болашақ мұғалімдерге «қауіпсіз» және бақыланатын ортада қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге мол мүмкіндік береді. Бұл орайда «қауіпсіз» орта деп процесс барысында студенттердің жіберген қателіктері үшін теріс салдарлар болмайтын, тәуекелсіз тәжірибе жасап, өз қабілеттерін еркін сынап көруге және кәсіби дағдыларын қауіп-қатерсіз дамытуға мүмкіндік беретін оқу кеңістігін айтуға болады. Мұндай тәжірибелік оқыту студенттерге педагогикалық үдеріске белсене араласуға, шынайы процесті сезіне отырып, өз бойынан өткеруге және кері байланыс алуға жағдай туғызады. Бүгінгі ТМД ғалымдарының көзқарастарына сүйенсек, «симуляция» – кез-келген кәсіби немесе қиын жағдайды шешуге тырысқанда адамдардың іс-әрекеттерін, сөйлеуін және қарым-қатынастарын ойдан шығару, елестету болып табылады, ол ақиқат шындықты модельдеуді қамтиды [5, б.3].

Талдаулар көрсеткендей, тәжірибеге бағдарланған симулятивтік технологияларды техникалық, медициналық, сондай-ақ педагогикалық білім беруде қолдану қазіргі таңда көптеген зерттеу жұмыстарына арқау болып отыр. Мәселен, Т. Исаева және т.б. зерттеушілер симулятивтік технологиялар коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға, шығармашылықты дамытуға және кәсіби дағдыларды жетілдіруге көмектеседі деп тұжырымдайды. Зерттеушілер симуляция студенттерге өз білімдерін практикалық контексте қолдануға мүмкіндік беретін оқу ортасын құрайтындығын эксперименттік зерттеулер арқылы дәлелдейді [5, б.7-8].

Ал Х.Кашина және т.б. зерттеулеріне сәйкес, өзгермелі жағдайларға бейімделе алатын жан-жақты мамандарды қалыптастыруда оқытудың симулятивтік технологиялары маңызды болып табылады. Ғалымдардың зерттеу нәтижелері білім алушылардың іс-әрекетке белсенді қатысуы және ситуациялық рефлексия арқылы негізгі дағдыларды дамыту үшін оқу-тәрбие процесінде

қолданылатын симулятивтік технологиялар қазіргі еңбек нарығына кәсіби бейімделу мен негізгі құзыреттіліктердің қалыптасуына оң ықпал ететіндігін көрсетеді. Ізденуші авторлар имитациялық іс-әрекетке бағытталған бұл технологияны теориялық оқыту мен кәсіби практикалық тапсырмаларды орындау арасындағы алшақтықты жоюдың инновациялық жолы ретінде ұсынады [6, б.58].

Бұл айтылған тұжырымдардың қайсыбірі болмасын біздің зерттеулеріміз үшін де айрықша мәнге ие, әрі құнды болып табылады. Осындай түрлі көзқарастарды ескере отырып, біз өз зерттеуімізде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудағы маңызды құзыреттіліктердің бірі болып табылатын коммуникативтік мәдениетті қалыптастыруда тәжірибеге бағдарланған симулятивтік технологияларды қолдануды кәсіби және икемді дағдыларды (soft skills) игертудің тиімді жолы ретінде қарастырамыз. Зерттеу жұмысы теориялық аспектілерді қарастыра отырып, мұғалімдердің коммуникативтік мәдениетін қалыптастырудағы инновациялық әдістер мен симулятивтік технологиялардың әлеуетін талқылауды мақсат тұтады. Бұл мұғалімдерді даярлаудағы теориялық білім мен практика арасындағы алшақтықты жоюдың маңыздылығын көрсетеді. Осы орайда жүргізіліп отырған ғылыми жұмыстың мақсатына сәйкес келесі зерттеу сұрақтары анықталды. Атап айтқанда:

1. «Коммуникативтік мәдениет» ұғымының мәні ғылымда қалай түсіндіріледі және ол бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби қызметінде қандай рөл атқарады?

2. Қазіргі педагогикадағы болашақ мұғалімдердің коммуникативтік мәдениетін қалыптастырудағы негізгі қиындықтар мен кедергілер қандай?

3. ЖОО-дағы педагогикалық үдеріс барысында симулятивтік технологияларды қолдану болашақ педагогтардың кәсіби даярлығына қалай ықпал етеді?

Бұл сұрақтардың жауабын табу бізге болашақ мамандардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастыруда симулятивтік технологиялардың рөлін көрсететін ғылымдағы негізгі нәтижелерді айқындап, ара жігін ажыратуға мүмкіндік береді деп сенеміз.

*Негізгі ережелер.* Бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру оқыту сапасын арттыруға және оқушылармен тиімді өзара байланыс жасауға ықпал ететін оқу-тәрбие үдерісінің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Мұғалімдердің вербалды және вербалды емес қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге, эмоционалдық интеллектісін дамытуға және оқыту үдерісінде өзара белсенділікті арттыруға ықпал ететін құралдар қатарынан симулятивтік технологияларды атауға болады. Тәжірибеге бағдарланған бұл технология мұғалімдердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Зерттеу барысында алынған ғылыми тұжырымдар педагогикалық тәжірибеде мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіру мақсатында симулятивтік технологияларды тиімді пайдаланудың әдістемелік негізін қалыптастыруға мүмкіндік беретіндігі сөзсіз.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу жұмысының мақсаты – болашақ педагогтардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастырудағы симулятивтік технологиялардың мүмкіндіктерін теориялық талдау. Аталған мақсатқа сәйкес зерттеліп отырған мәселенің мәні мен мазмұнын айқындайтын Қазақстан Республикасының заңнамалық және құқықтық-нормативтік құжаттарын, отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерін мазмұндық талдау, сыни тұрғыдан салыстыру, жүйелеу, тұжырымдау әдістері алынып отыр. Зерттеу материалдары ретінде Scopus, Google Scholar, Semantic Scholar, DisserCat, ProQuest Dissertations & Theses Global базалары бойынша зерттеу сұрағына сәйкес ғылыми еңбектер алынды. Зерттеу барысында ғалымдардың «коммуникативтік мәдениет» ұғымын түрлі контексте анықтау бағыттары айқындалып, өзіндік тұжырымдар жасалды. Қазіргі таңда коммуникативтік мәдениетті дамытуға теріс ықпал ететін факторлар қатары да анықталып, аталған кедергілерді жоюдағы педагогикалық технологиялардың әлеуеті талданды. Сонымен қатар әлемдік білім беру жүйесіндегі симулятивтік технологияларды пайдалану тәжірибесі қарастырылып, бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру мақсатында қолданылу мүмкіндіктері жан-жақты сараланып, қарастырылды.

**Нәтижелер және талқылау.** Коммуникативтік мәдениет туралы соңғы он жыл ішіндегі ғылыми және әдістемелік зерттеулерге сүйене отырып, бүгінгі ғылымдағы қол жеткізілген нәтижелер мен пайымдаулар бізге осы зерттеу мәселесі аясындағы өз тұжырымымызды жасауға мүмкіндік берді. Коммуникативтік мәдениет – сөйлеу мәдениеті мен этикасын, тыңдай білу мен әртүрлі әлеуметтік ортада тіл табыса білу қабілетін қамтитын, адамдардың өз ойын, пікірін, сезімін білдіре отырып, тиімді қарым-қатынас жасауды қамтамасыз ететін жалпыадамзаттық мәдениеттің бір бөлігі. Ол күнделікті адам өмірінде маңызды орын алады, сонымен қатар, білім беру саласында мұғалім мен оқушы арасындағы тиімді қарым-қатынас пен ынтымақтастықты, нәтижелі іс-әрекетті жүзеге асыру үшін қажетті қасиеттердің жиынтығын құрайды.

Ғалым Э.Поллард қарым-қатынастың жоғары сапалы болуы тек тіл сабағында емес, оқу жоспарының өн бойында маңызды екендігін алға тартады. Ол білім беруде кеңінен қолданыс табатын әдіс – әңгімелесуді жемісті пайдаланудың жауапкершілігі тек тіл маманына емес, барлық мұғалімге жүктелетіндігін, сондықтан оқу бағдарламасында тіл мәдениетіне мән берудің маңызы зор екендігін атап көрсетеді. Автор Кембридждің «Бастауыш мектепке шолу» тақырыбында жасалған баяндамасына сүйене отырып, жоғары сапалы әңгімелесудің тиімді сабақ беру мен оқыту үшін шешуші маңызға иелігі, оның ішінде оқудың, жазудың және әңгімелесудің сипаты мен сапасы оқушылардың сөздік қорын және әр пәннің дискурсы жайлы түсінігін дамыту үшін аса пайдалы деп тұжырымдайды [7, б. 458-459]. Бұл әсіресе бастауыш мектептегі білім мазмұны үшін маңызды деп есептейміз, себебі дәл осы кезеңде оқушылардың коммуникативтік және когнитивтік қабілеттері қалыптасып, дами бастайды.

Марокколық ғалымдар Daoudi және Gantare зерттеулеріне сәйкес тиімді қарым-қатынас білім алушылардың сабаққа қатысымына және олардың оқуына оң ықпал етеді, кәсіби өзара байланыс және топтық жұмыстар білім беру процесінде маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ, шешім қабылдау процестері де қарым-қатынас модельдеріне байланысты болады, мәдени әртүрлілік пен жағдайлардың күрделілігі қарым-қатынас стратегияларын тандап алуға әсер етеді. Тиімді өзара әрекеттесу ақпарат алмасуға ықпал етеді, студенттердің белсенділігін арттырады және олардың денсаулығына әсер етеді [8, б. 5110]. Бұл айтылған ғалымдар пікірімен біз толық келісеміз, өйткені коммуникативтік мәдениет тек қана сөйлеу шеберлігі емес, сонымен қатар мұғалім үшін серіктестің пікірін тыңдай білу, пікір алмасу, қолдау, сауатты сөйлеу, онымен бірлесе өзара әрекеттесу сияқты кешенді дағдылар жүйесін толық қамтиды. Ал осы аталған коммуникативтік дағдылар бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қызметінде оқушылармен, ата-аналармен, әріптестермен, қоғаммен тиімді өзара әрекет пен қарым-қатынас орнатуда ерекше маңызға ие екендігі белгілі.

Сол секілді кейбір педагогикалық зерттеулерде коммуникативтік мәдениет «коммуникативтік құзыреттілік» ұғымымен байланыста қарастырылады. Бұл тұрғыдан алғанда коммуникативтік құзыреттілік – әртүрлі әлеуметтік жағдайларда орынды қарым-қатынас жасау үшін қажетті қабілеттер мен дағдылар жиынтығы екендігі аңғарылады. Соңғы кездегі еуропалық зерттеулерге сүйенсек, қазіргі бастауыш білім беру мұғалімінің кәсіби коммуникативтік құзыреттілігі, ең алдымен, теориялар, тұжырымдамалар, жинақталған педагогикалық тәжірибелер, мамандық саласындағы этикалық нормалар туралы терең кәсіби білімін, сондай-ақ педагогтың жалпы мәдени дамуын, оның білімін, зияткерлік қабілетін, жоғары жауапкершілік сезімін, педагогикалық қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында бағдарлай білу дағдысын қамтиды [9, б. 572].

Ал бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік құзыреттілігінің мәнін ашу мәселесі пәнаралық кеңістікке негізделген, өйткені оған педагогикалық, лингвистикалық, психологиялық және әдістемелік аспектілер (тілдің коммуникативті қасиеттері, әдеби норма, мәтін, қарым-қатынас, тілдік қызмет, тілдік қызметтің түрлері, тілдік қызмет мотивтері, тілдік этика) кіреді [10, б. 60]. Бұл өз кезегінде әр мұғалімнен кәсіби даярлық барысында осы коммуникативтік дағдыларды жан-жақты, терең меңгеріп, тәжірибе жүзінде белсенді қолдану дағдысының болуын талап етеді.

Коммуникативтік мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылатын сөйлеу мәдениетін қарастырған ғалымдар Blahun N., Hotsuliak K. бастауыш сынып мұғалімдеріндегі аталған сапаны кәсіби деңгейге көтеру үшін құрылымдық оқыту қажеттілігін ерекше атап көрсетеді. Демек, бұл көзқарас аясында мұғалімдерді даярлау бағдарламалары үшін көпшілік алдында сөйлеу, пікірталас жүргізу және тілдік дағдылардың маңыздылығы атап өтіледі. Кәсіби даярлау бағдарламалары практикалық жаттығулар мен нақты қарым-қатынас сценарийлері арқылы сөйлеу құзыреттілігін дамытуға көбірек көңіл бөлуі керек. Осылайша, зерттеушілер тарапынан сөйлеу мәдениетіне үйретуді құзыреттілікке бағдарланған оқытудың кең стратегияларымен интеграциялау ұсынылады [11, б. 84].

Сонымен, түрлі көзқарастарға талдау жүргізе отырып, біз педагогикалық саладағы коммуникативтік мәдениет – тұлғаның ішкі мәдениетімен үндесетін, оқыту-тәрбиелеу үдерісінде тілдік, этикалық, мәдени және психологиялық нормаларды ұстана отырып, үйлесімді қарым-қатынас жасауды қамтитын кәсіби мәдениеттің бір саласы, педагогикалық шеберліктің маңызды бөлігі деп тұжырымдаймыз. Ол бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби қызметінде негізгі рөл атқарады. Педагог өзінің сөйлеу мәнерімен, мейірімді қарым-қатынасымен, жағымды дауыс ырғағымен оқушының тұлғалық дамуына ықпал етеді, қарым-қатынас жасау әдебімен сынып ішіндегі өзара достық пен сыйластық, құрмет сезімдерінің қалыптасуына әсер етіп, психологиялық жай-күйді реттейді. Сонымен қатар, кәсіби іс-әрекет барысындағы кез-келген жағдаяттан шыға алу мен мәселені шешу, пікір білдіру, ата-аналармен және әріптестермен сыпайы және дұрыс қарым-қатынас орнату да коммуникативтік мәдениетті талап етеді, сондай-ақ мұғалім сөйлеу мәдениеті арқылы оқушыларға үлгі болып, тәрбиелік қызмет те атқарады.

Дегенмен, мектептердегі оқу-тәрбие үдерісінің сапасына тікелей әсер ететін мұғалімнің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыруда бүгінгі педагогикалық тәжірибеде бірқатар қиындықтар мен кедергілер де кездеседі. Түрлі заманауи технологиялар мен цифрлық құралдардың дамыған заманында тілдік мәдениет пен қарым-қатынасты тежейтін бірқатар нақты факторларды атап өтуге болады:

Біріншіден, теория мен практика арақатынасының алшақтығы. Болашақ мұғалімдерді даярлауды жүзеге асыратын білім беру бағдарламалары коммуникативтік мәдениетті қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктеріне ие «Педагогикалық шеберлік және имиджеология», «Педагогикалық этика және имиджеология» және т.т. секілді оқу курстарын қамтиды. Дегенмен, біздің пайымымызда аталған пәндерді ЖОО-да оқыту көп жағдайда теориялық мазмұнмен шектеліп, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің біртұтас педагогикалық үдерістегі түрлі қарым-қатынас жағдайларына даярлығын толық қамтамасыз ете алмайды. Теория мен практика арасындағы тығыз сабақтастықтың жеткілікті деңгейде болмауынан болашақ жас мамандар мектеп тәжірибесінде нақты қарым-қатынас барысында туындайтын түрлі кәсіби жағдаяттарды шешуде қиындықтарға кездесетіндігі сөзсіз. Сондықтан да ЖОО оқу үдерісі тікелей практикаға бағдарланып, нақты коммуникациялық жағдайларға даярлайтын әдістер мен тәсілдерді, технологияларды өзара үйлесімде жүйелі, мақсатты пайдалануды қажет етеді.

Екіншіден, цифрлық коммуникацияның басым болуы. Бүгінгі таңда жастардың, оның ішінде білім алушылардың басым көпшілігі тікелей қарым-қатынасқа қарағанда, әлеуметтік желілер мен цифрлық платформаларды қолдана отырып, көңіл-күйлері мен ішкі сезімдерін, ойын цифрлық эмоджилар арқылы білдіруге дағдыланған. Бұл олардың вербалды және вербалды емес дағдыларының дамуын тежеп, коммуникативтік мәдениеттің қалыптасуына кедергі келтіреді. Мұның алдын алу үшін қолданылатын оқу аудиторияларындағы практикалық жағдаяттар, рөлдік ойындар, пікірталастар студенттердің өз ойларын тіл арқылы еркін жеткізіп, өз эмоцияларын шынайы көрсетуге себеп болады.

Үшіншіден, жеке тұлғалық ерекшеліктер мен психологиялық кедергілер. Кейбір білім алушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерімен қатар, ұяндық, өзін-өзі төмен бағалауы мен өз күшіне деген сенімсіздік сияқты факторлар әсерінен ашық пікір білдіруге, аудитория алдында өз ойын еркін жеткізуге қысылуы болашақ маман ретінде коммуникативтік мәдениеттің

қалыптасуына кедергі келтіреді. Мұндай қиындықтарды жеңу практикалық сабақтар мен студенттердің оқытушымен бірлескен жұмыстары (ОСӨЖ) және білім алушылардың өзіндік жұмыстары (СӨЖ), мектеп базасында өтетін оқу және педагогикалық практикалар барысындағы үздіксіз жаттығулар арқылы мүмкін болады.

Төртіншіден, әлеуметтік және мәдени факторлар. Болашақ ұстаздардың коммуникативтік мәдениетінің қалыптасуына олардың жүрген ортасы мен мәдени-танымдық көкжиегінің де маңызы зор болып келеді. Отбасындағы, әлеуметтік жүйедегі және қоршаған микроортадағы адамдармен қарым-қатынас жасау дағдылары жеткіліксіз болса, бұл кемшілік кәсіби даярлық саласында да өз қиындығын тудырады.

Сонымен, болашақ педагогтардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастырудағы аталған қиындықтар мен кедергілерді жою үшін оқу пәндерін теориялық тұрғыдан оқытып, меңгертумен қатар, кәсіби білім, біліктер мен дағдыларды тәжірибеде қолдануға басымдық беру, практикаға бағдарланған жаңа технологияларды кеңінен қолдану қажеттілігі туындайды. Дәстүрлі білім беру парадигмасынан құзыреттілікке негізделген білім беру дағдыларын қалыптастыруға көшу жоғары оқу орындарын дамытудың жаңа жолдарын белгілеп берді. Мемлекеттік білім беру стандарттарының заманауи талаптарын жүзеге асыру студенттердің кең ауқымды дағдыларды қамтитын құзыреттілігі мен жоғары білікті маманның кәсіби қызметіне қабілеттілігін қалыптастыратын инновациялық оқыту әдістерінің қажеттілігін анықтайды. Ал Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының міндеттері қатарында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану қарастырылған [1]. Осы бағытта қазіргі таңда жоғары оқу орындарының алдында білім алушылардың практикалық бағыттылығын және оған өз бетімен қол жеткізу дағдыларын дамытуға ықпал ететін технологияларды енгізу міндеті тұр. Осы орайда біз кәсіби қызметте туындайтын мәселелерді стандартты емес жолдармен жедел шешуге қабілетті жоғары білікті, креативті маман даярлауда және құзыреттілік тәсілді іске асыруда нақты өмірлік жағдайларға бейімдейтін симулятивтік технологиялардың рөлі жоғары деп білеміз.

Өйткені, симулятивтік технология – нақты педагогикалық жағдайларды имитациялауға, яғни процесті шынайы өмірге жақындатып көрсетуге негізделген технология. Симулятивтік технологиялар қолданылу мақсатына және аудиториясына байланысты рөлдік ойындарды, кейс-стади (жағдаяттарды талдау) әдісін, педагогикалық тренингтерді, виртуалды сыныптар мен интерактивті платформаларды, виртуалды шындық және толықтырылған шындық (VR/AR) құралдарын (симуляторларды) қамтиды.

Аталған технологияны қолданудың басты артықшылықтарын былайша жүйелеп көрсетуге болады:

- оқытудың тәжірибелік аспектісін күшейтеді: симуляторлар студенттерге нақты өмірлік жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді, бұл олардың теориялық білімдерін практикамен ұштастыруға жол ашады;

- қатесіз үйрену мүмкіндігі: симулятивтік ортада студент қателессе, оның себептері мен салдарын анықтап, түзете алады, бірақ шынайы өмірдегідей қиындық тудырмайды;

- ынталандыру: имитацияға негізделген симуляторлар арқылы оқыту қызықты әрі интерактивті болғандықтан, білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын оятып, мотивациясын арттырады;

- қолжетімділік: виртуалды шындыққа (VR), толықтырылған шындыққа (AR), кеңейтілген шындыққа (XR) негізделген симулятивтік технологияларды қашықтықтан оқыту жағдайында да тиімді қолдануға болады, бұл барлық білім алушыларға бірдей пайдалануға мүмкіндік береді;

- шынайылыққа ұмтылыс: симулятивтік технологиялар арқылы оқыту процесі шынайы оқу ортасына бейімделген жағдайда жүреді, бұл оқу тиімділігін арттыруға барынша ықпал етеді [12, б. 7-8].

Бұл технологияның білім беру саласындағы қолданылуы туралы өз зерттеулерінде M.L. Angelini және R. Muñiz оқушылар мен мұғалімдердің практикалық білімі мен дағдыларын дамытатын интерактивті, виртуалды және шынайы оқыту кеңістігін құруды мақсат тұтады. Ғалымдардың пікірінше симуляция – белсенді, тәжірибеге негізделген оқыту құралы, студенттер нақты педагогикалық құбылыстар мен процеске анағұрлым шынайы жақындайтын «табиғи» жағдайларда шешім қабылдап, тәжірибе жинақтайды. Симулятивтік технологиялар білім алушылардың танымдық, интерактивті (қарым-қатынас) және аффективті (құндылық, эмоция) дамуына ықпал етеді. Бұл технология үш түрлі бағытта қолданылады: 1) алдын-ала алынған білімді тәжірибеде қолдануға негізделген бағытта (Knowledge-to-Action); 2) әрекет арқылы білім алуға мүмкіндік беретін бағытта (Action-to-Knowledge); 3) әрекет пен білімді өзара үйлесімді интеграциялауға негізделген бағытта (Integrating-Action-Knowledge) [13, б. 4].

Халықаралық деңгейдегі жүргізілген зерттеулердің қатарында S. Prial пікірі де жоғарыда айтылған ғалымдар тұжырымдарымен сабақтастық тауып жатқандығын аңғаруға болады. Бұл орайда ізденуші S. Prial симулятивтік технологияларды қолдану арқылы қол жеткізген білім мен дағдылар ұзақ уақытқа есте сақталатындығын және мұндай жаттығулар білім алушылардың кәсіби саладағы және өз-өзіне деген сенімділігін арттыратындығын дәлелдеп көрсетеді. Аталған технология арқылы жүзеге асырылған тәжірибеден кейінгі талқылаулар мен рефлексия оқыту процесінің ең маңызды бөлігі болып табылады, бұл кезеңде алынған білім практикамен ұштастырылып, сол білімдерді нақты шынайы жағдайларда қолдану мүмкіндігі артады [14, б. 74-76].

Біз талдап қарастырған өзге де зерттеуші-ғалымдардың пікірлері симулятивтік технологиялардың теория мен практиканың байланысын қамтамасыз ететіндігін дәлелдей түседі. Мысалы, A. Kienitz, M. C. Krebs, A. Eitel тәжірибеден оқшауланған университеттік оқыту, рефлексияның болмауы және практика барысындағы тәлімгерліктің жеткіліксіздігі сияқты теория мен практиканың арасындағы алшақтыққа ықпал ететін факторларды қарастыра отырып, симулятивтік технологиялар практикалық дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді деп тұжырымдайды. Олардың ойынша, симулятивтік оқыту педагог мамандар даярлаудағы теориялық нұсқаулықтармен нақты интеграцияланған кезде пайдалы болады. Бұл жағдайда симулятивтік ойындар теориялық білімді де, оны имитациялық сабақтарда қолдану мүмкіндігін де біріктіреді. Авторлардың зерттеу нәтижелері шынайы жағдайды модельдеу мотивация мен тиімділікті арттыратынын көрсетеді, дегенмен бұл тиісті педагогикалық қолдаусыз теорияны практика жүзінде қолдануға ықпал етпеуі мүмкін. Оқу үдерісінде симулятивтік технологияларға негізделген ойындарды ұтымды ұйымдастыру үшін рефлексия мен тәлімгерлік элементтері бар нақты алдын ала ойластырылған, белгілі бір мақсатқа бағытталған педагогикалық құрылым қажет. Тек осылай ғана бұл технология болашақ мұғалімдерді оқытуға тиімді қолдау жасай алады [15, б. 12].

Симулятивтік технологияларды жүзеге асырудың бір жолы болып табылатын педагогикалық дәстүрлі жүйеден өзіндік орын алған рөлдік ойындарды қолдану біздің пайымдауымызша бүгінгі заманауи білім беру жағдайында оқытушылар мен студенттердің әлеуметтік-коммуникативтік мәдениетіне, танымдық, эмоционалдық, психомоторлық және әлеуметтік іскерлік, дағдыларын дамытуға оң әсер етеді. Отандық ғалымдар О. Тапалова [16, б. 227], И. К. Ербулатова [17, б. 79] және т.б. зерттеулеріне сәйкес рөлдік ойындар студенттердің оқу мотивациясын арттыруға, әлеуметтік бейімделуін жеңілдетуге, тұлғалық және кәсіби қасиеттерін дамытуға және әлеуметтік-коммуникативтік мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін тиімді педагогикалық құралдардың бірі. Әйткенмен де бұл үдеріс міндетті түрде педагогикалық мақсатпен, жүйелі құрылыммен және бақылаумен жүзеге асуы тиіс.

Зерттеулерге жүргізілген теориялық талдаулар көрсеткендей, симулятивтік технологиялар практикалық іс-әрекетке бағдарланып, жоғары мектеп дидактикасының оқытудағы теория мен тәжірибенің байланысы қағидасын басшылыққа ала отырып, білім алушылардың бойында кәсіби терең білім мен іскерлік, дағдыларды қалыптастыруды көздейді. Қазіргі

таңдағы педагог мамандарға қойылатын талаптар қатарында кәсіби сапалы, жан-жақты теориялық біліммен қатар икемді дағдыларды (soft skills) игеру қажеттілігі басымдық танытады. Сол себепті оқу-тәрбие үдерісінде жоғары мектеп педагогикасы қарастыратын дидактика заңдылықтары мен қағидаларын ескере отырып, білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын, эмоционалдық интеллектісін, жауапкершілік пен сыни ойлауын, шығармашылығын, кез-келген ситуацияға бейімділігін, командада жұмыс жасау қабілетін дамытуда тәжірибеге бағдарланған симулятивтік технологияларды қолданудың артықшылықтары басым екендігіне көз жеткізуге болады.

Мақсатты жүргізілген зерттеулер нәтижесінде анықталған теориялық мәселелер болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауда симулятивтік технологиялардың ықпалын бірнеше тұрғыдан анықтауға мүмкіндік береді. Олардың алғашқысы ретінде теория мен практиканың тікелей ұштасып, өзара байланыста жүзеге асуын атауға болады. Ол арқылы білім алушылар теориялық білімді нақты жағдаяттарда қолдануға машықтанады. Симулятивтік технологияларды қолдану арқылы жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстарынан соң әрбір қатысушы өз-өзіне «Мен не істей алдым?», «Қай тұста жетістікке жете алдым?» немесе «Қандай қателік жібердім?» деген сұрақтар қоя отырып, өз тәжірибесін талдап, педагогикалық рефлексияны дамытуға қол жеткізеді. Аталған технология аясында кейс-стади әдісі арқылы студенттер нақты жағдайды талдау мақсатындағы проблемалық ситуациялар арқылы шынайы орта жағдайына бейімделіп, тәуелсіз шешім қабылдауға үйренеді. Сонымен қатар, симулятивтік технологияларға негізделген әдістер қатаң теориялық тұжырымдалған стандартты жауаптардан гөрі ізденуге, ойлануға, басқаша, креативті және тың шешімдер ұсынуға итермелейді. Бұл білім алушылардың шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін қалыптастырады. Нақты процесті шынайы өмірге жақындатып көрсетуге негізделген технологиялар арқылы болашақ ұстаздар педагогикалық үдерісте кездесетін қиындықтардың бірқатарын бастан өткізіп, педагог қызметіне қажетті эмоционалдық тұрақтылық дағдыларын жетілдіріп, психологиялық дайындығын күшейтеді. Сондай-ақ, педагогикалық жағдаяттарды бейнелеуде жиі қолданылатын рөлдік ойындар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдері сынып оқушыларымен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынас жасау тәсілдері мен әр түрлі қатынас жағдайында өзін-өзі ұстау әдебін меңгеріп, коммуникативтік мәдениет негіздерін жетілдіреді. Осылайша, болашақ мамандарды кәсіби ортаға бейімдеуде, оларды ұстаздық жолға жан-жақты даярлауда, ситуациядан шығуға, шешім қабылдауға үйретуде, практикалық дағдыларын жетілдіруде және қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда симулятивтік технологиялардың ықпалы зор екендігіне көз жеткіземіз (1-сурет).

Сонымен, зерттеу жұмыстарына жүргізілген талдаулар бізге симулятивтік технологияның мүмкіндігінің зор екендігін көрсетеді. Педагогикалық білім беруде симулятивтік технологияларды қолдану болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру үдерісіне оң ықпалын тигізеді. Иммерсивті интерактивті тәжірибені ұсына отырып, бұл технология білім алушыларға теориялық білім мен оны практикада пайдалану арасындағы алшақтықты жоя отырып, нақты өмірде қарым-қатынас дағдыларын ұтымды қолдануға және жетілдіруге мүмкіндік береді.



1-сурет. Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудағы симулятивтік технологиялардың ықпалы

Симулятивтік технологиялардың нақты шынайы ортаға ұқсас, күрделі болып келетін жоғары дәлдіктегі (high-fidelity) және негізгі объектінің қарапайымдандырылған, процестің негізгі қағидаларын үйренуге арналған төмен дәлдіктегі (low-fidelity) түрлері ажыратылады [13, б. 18-19]. Біз де зерттеуші-ғалымдардың пікірлерімен келісе отырып, бұл технологияның түрлі жолдар арқылы жүзеге асатындығына көз жеткіземіз. Болашақ мамандардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру үшін симулятивтік технологияларды келесі практикалық әдістер арқылы қолдануға болатындығын атап өткіміз келеді:

1. Рөлдік ойындар. Рөлдік ойындарға арналған симуляторлар болашақ мұғалімдерге шынайы оқу сабақтары мен тәрбие жұмыстары, ата-аналар жиналысы, әріптестермен ұжымдық кездесулер немесе мектеп әкімшілігімен өзара ресми қарым-қатынас жасау сияқты әртүрлі кәсіби жағдаяттарға қатысуға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстар білім алушыларға эмпатияны, белсенді тыңдау дағдыларын және қарым-қатынас стилін әртүрлі аудиторияға бейімдеу қабілетін дамытуға көмектеседі.

2. Видеоматериалға негізделген рефлексия. Симуляторлар әдетте қатысушылардың өзара әрекеттерінің бейнежазбаларын қамтиды. Нақты оқу-тәрбие жағдайларын бейнелейтін жасанды ортада студенттер әр түрлі рөлдерде өзара қарым-қатынас жасайды. Мұндай бейнежазбалар өзін-өзі бағалауға және оқытушыдан кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Түсірілген жұмыс нәтижелерін талдау болашақ мұғалімдерге қарым-қатынас барысындағы өз мінез-құлқының күшті және әлсіз жақтарын танып білуіне, коммуникативтік мәдениетті жетілдірудің бағыттарын анықтауға көмектеседі.


3. Толықтырылған шындық (AR) және виртуалды шындық (VR) құралдары. AR және VR технологиялары білім алушыларға виртуалды сыныптармен немесе басқа оқу орындарымен өзара байланыста жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Бұл құралдар болашақ мұғалімдерге сыныпты басқаруды үйренуге және шынайы, бірақ бақыланатын ортада мәдени ерекшеліктер мен өзара әрекеттесу әдістерін ескеруге көмектеседі.

4. Мәселелерді сценарийлерге негіздей отырып шешу. Сынып оқушыларының арасында кездесетін деструктивті мінез-құлықпен күресу немесе топтық жұмысты жеңілдету сияқты қиын жағдайларға бағытталған модельденген сценарийлер білім алушылардың тың шешімдер қабылдау және кикілжіндерді шешу, тиімді қарым-қатынас орнату дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

5. Құрдастармен және әріптестермен өзара әрекеттерді модельдеу. Топтық модельдеу симуляторлары болашақ мұғалімдер арасында тиімді қарым-қатынасты талап ететін ынтымақтастықты қамтиды. Бұл симуляциялар мектеп жағдайында коммуникативтік мәдениеттің маңызды аспектілері болып табылатын топтық жұмысқа, үйлестіруге және кәсіби қарым-қатынасқа ерекше назар аударады.

6. Виртуалды сыныптарды модельдеу. Виртуалды сынып платформалары болашақ мамандарға жасанды интеллектпен басқарылатын оқушы аватарларымен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Бұл тренажерлар білім алушыларға пікірталастарды басқару, әртүрлі оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру және тәжірибеде туындайтын қарама-қайшылықтар мен жанжалдарды шешу сияқты тиімді қарым-қатынас стратегияларын қолдануға мүмкіндік беру арқылы сыныптағы жалпы динамиканы қайта жасайды. Жүйе немесе оқытушылар ұсынатын кері байланыс студенттерге ауызша және вербалды емес қарым-қатынасты жақсартуға көмектеседі. Бұл әдіс арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдері оқушылармен жұмыс жасауда жас ерекшеліктеріне сай тіл табысу, эмоционалды қолдау көрсету, зейін қою сияқты қарым-қатынас тәсілдерін меңгереді.

### Симулятивтік технологияларды қолдану жолдары



2-сурет. Болашақ мамандардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастыруда симулятивтік технологияларды қолданудың жолдары

Осы тәсілдер арқылы педагогикалық білім беруде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетінің берік негізін қалыптастыру үшін симулятивтік технологиялардың әлеуетін кеңінен қолдануға болады. Бұл практикалық әдістер білім алушыларды сыныптағы нақты мәселелерді шешуге дайындап қана қоймайды, сонымен қатар кіші мектеп оқушыларының танымдық және эмоционалдық дамуын, жас ерекшеліктеріне сай қарым-қатынас жасау әдістерін, сондай-ақ бастауыш білім берудің тұлғалық-бағдарлы ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі білім беру контекстерінде өзара қарым-қатынас кезінде сенімділік пен кәсібилікке баулиды.

**Қорытынды.** Сонымен, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін симулятивтік технологиялар негізінде қалыптастырудың теориялық аспектілерін мақсатты, жан-жақты зерттеп, зерделеу нәтижелері осы саладағы бүгінгі педагог мамандардың кәсіби даярлығын жетілдірудің маңыздылығын көрсетіп, оның ішінде коммуникативтік мәдениеттің қажеттілігін дәлелдейді. Ұстаздың кәсіби құзыреттілігінің ажырамас бөлігі болып табылатын қарым-қатынас мәдениеті тек сөйлеу шеберлігін ғана емес, сонымен бірге коммуникацияның мәдени, психологиялық, этикалық, лингвистикалық қырларын қамтитын кешенді процесс ретінде анықталады.

Анықталған зерттеу сұрақтарына сәйкес жүргізілген теориялық талдаулар бізге келесі қорытындыларға қол жеткізуге мүмкіндік берді:

- Коммуникативтік мәдениеттің мәні анықталды. Коммуникативтік мәдениет – сөйлеу мәдениетін, эмоционалдық интеллектіні, вербалды және вербалды емес қарым-қатынасты, этикалық нормаларды ұстануды қамтитын педагогтың кәсіби қызметінде тиімді, нәтижелі қарым-қатынас орнатуға бағытталған жан-жақты, кешенді ұғым.

- Симулятивтік технологиялардың мүмкіндіктері айқындалды. Ғылыми еңбектер мен түрлі көзқарастарды талдау симулятивтік технологиялардың теория мен тәжірибені ұштастыруға

бағытталған белсенді және интерактивті әдістер мен тәсілдер жүйесін қамтитындығын көрсетті. Аталған технологияның жүзеге асырылуы теориялық білімнің практикаға бағдарланғандығымен ерекшеленіп, алынған білімнің ұзақ уақыт есте сақталуына және шынайы жағдайды модельдеу арқылы білім алушылардың шешім қабылдау, рефлексия жасау, шығармашылық, сыни ойлау дағдылары мен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

- Болашақ мамандардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастырудағы басты кедергілер сараланды. Коммуникативтік мәдениеттің қалыптасуына қиындық келтіретін теориялық оқытудағы практикалық бағыттың жетіспеушілігі мен бүгінгі цифрлық ортадағы виртуалды қарым-қатынастың басымдығы, студенттердің жеке тұлғалық ерекшеліктері мен қоғамдағы әлеуметтік-мәдени факторлар талданып, бұл кедергілерді жеңу үшін педагогикалық үдерісте симулятивтік технологияларды қолданудың тиімділігі дәлелденді.

- Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру үшін симулятивтік технологияларды қолданудың практикалық бағыттары ұсынылды. Симулятивтік технологиялардың рөлдік ойындар, кейс-стади, бейнематериалға негізделген рефлексия, толықтырылған шындық (AR) және виртуалды шындық (VR) құралдары, мәселелерді сценарийлерге негіздей отырып шешу, виртуалды сыныптарды модельдеу сынды түрлері студенттердің коммуникативтік мәдениетін оқу-тәрбие үдерісінде қалыптастырудың нақты және тиімді жолдары ретінде ұсынылды. Бұл әдістер білім алушыларға кәсіби жағдаяттарды шынайы ортаға бейімделген жағдайда тәжірибеден өткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу мақсатына сай жасалған түрлі деңгейдегі теориялық, практикалық талдаулар мен отандық, шетелдік ғалымдардың көзқарастары мен тұжырымдарын саралау болашақ мамандардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастыруда симулятивтік технологиялардың тиімділігін дәлелдеді. Бұл технология білім алушыларды тек теориялық оқытумен шектемей, нақты кәсіби жағдаяттарда мақсатты түрде ұтымды әрекет етуге үйретеді. Сонымен қатар студенттердің тек практикалық дағдыларын ғана емес, сыни ойлау, шығармашылық, шешім қабылдау қабілеттерін және эмоционалдық тұрақтылығын дамытады.

Симуляцияға негізделген рөлдік ойындар, кейс-стади әдістері, виртуалды сыныптар студенттердің өзара қарым-қатынасын арттырып, педагогикалық коммуникация жағдаяттарын нақты модельдеуге мүмкіндік береді. Бұл әдістер оқу үдерісінде студенттердің болашақ маман ретінде өз әлеуетін көрсетіп, кәсіби өзін-өзі тануына және жетілдіруіне жол ашады.

Осылайша, коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру мен симулятивтік технологияларды қолдану мәселелерінің біртұтас, үйлесімді байланысы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бүгінгі уақыт талабына сай тұлғалық және кәсіби дамуын қамтамасыз ететін нақты педагогикалық тәжірибеге бағдарланған білім беру жүйесінің өзегі болып табылады. Мұндай мақсатты, жоспарлы жұмыстарды пәндік оқу бағдарламаларының мазмұндық ерекшелігін ескере отырып, жүйелі түрде жүзеге асыру арқылы педагогикалық бағыттағы жоғары оқу орындары кәсіби тұрғыдан икемді ойлайтын және нәтижелі қарым-қатынас орнатып, саналы іс-әрекеттер жасай алатын педагог мамандар даярлау міндетін табысты атқара алады деп сенеміз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 27.07.2007. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916>
3. Вахницкая М. Коммуникативная культура как компонент языковой подготовки будущего педагога //Cercetarea și inovarea educației din perspectiva exigențelor actuale ale pieței muncii. (Ediția 1, Vol.2). – 2021. – С. 88-93. [https://ibn.idsi.md/vizualizare\\_articol/147443](https://ibn.idsi.md/vizualizare_articol/147443).
4. Мычко Е.И. Практико-ориентированные технологии формирования коммуникативной культуры педагога: дис ... доктора пед.наук: 13.00.08. – Калининград, 2002. – 421 с.
5. Isaeva T. et al. Psychological and pedagogical aspects of simulation technology at English lessons for future engineers of the agro-industrial complex //E3S Web of Conferences. – EDP Sciences, 2021. – Т. 273. – С. 12011. <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202127312011>

6. Kashyna H., Lebedeva V., Kashtalian M. Simulation teaching technology in modern educational system reformation. – *Science and Education*, 2017. P.57-62. <http://dspace.pdpu.edu.ua/handle/123456789/6208>

7. Поллард Эндрю Рефлексивті оқыту негіздері. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, - 2020. – 728 бет. – 458-459 б.б.

8. Daoudi K., Gantare A. Exploring Educator-Student Communication Patterns in Health Education Settings: A Scoping Review. - *Pakistan Journal of Life and Social Sciences*, (2024), 22(2). P. 5099-5114. <https://doi.org/10.57239/PJLSS-2024-22.1.00375>

9. Vasenko V.V., Kovtun N.I., Krasiuk L.V. Formation of professional linguistic and communicative competence of future primary school teachers in the process of studying professional disciplines. - *Вісник науки та освіти*, №2(20), 2024. P.568-582. [https://doi.org/10.52058/2786-6165-2024-2\(20\)-568-582](https://doi.org/10.52058/2786-6165-2024-2(20)-568-582)

10. Байдюк Л. Формування комунікативної компетентності майбутніх учителів початкової школи в сучасних умовах //Проблеми підготовки сучасного вчителя. – 2022. – № 2 (26). – С. 59-69. [https://doi.org/10.31499/2307-4914.2\(26\).2022.267621](https://doi.org/10.31499/2307-4914.2(26).2022.267621)

11. Blahun N., Hotsuliak K. Development of speech culture in the context of professional training of future primary school teachers //Mountain School of Ukrainian Carpaty. – 2020. – №. 23. – С. 81-84. <https://doi.org/10.15330/msuc.2020.23.81-84>

12. Sankey M.D., Huijser H., Fitzgerald R. (ed.). *Technology-Enhanced Learning and the Virtual University*. – Springer, 2023. – 671 p.

13. Angelini M. L., Muñiz R. *Simulation for participatory education*. – Springer, 2023. – 476 p.

14. Prial S. The Perceptions of Using Simulation Technologies on Knowledge Retention in Professional Environments 2-5 Years After the Simulation Experience: A Qualitative Study. - *Capella University, ProQuest Dissertations & Theses*, 2022. - 118 p.

15. Kienitz A., Krebs M. C., Eitel A. Level one: Teaching practice – Does playing a digital teaching simulation game foster novice student teachers' perception and use of theoretical knowledge? //Computers & Education. – 2025. – T. 231. – С. 105277. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2025.105277>

16. Тапалова О. и др. Психологические особенности влияния цифрового обучения на социально-коммуникативную культуру и компетентность преподавателей и студентов //Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология. – 2024. – Т. 78. – №. 1. DOI: [10.51889/2959-5967.2024.78.1.024](https://doi.org/10.51889/2959-5967.2024.78.1.024)

17. Ербулатова И.К. және т.б. Техникалық жоғары оқу орны студенттерін оқыту үдерісінде рөлдік ойындарды қолдану тәжірибесі // Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. – 2024. – Т. 72. – №. 1. DOI: <https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.72.1.005>

#### References:

1. «Bilim turaly» Qazaqstan Respublikasynyñ Zañy, 27.07.2007. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> [in Kaz.]

2. Joғary және joғary oqu ornynan keiingi bilim berudiñ memlekettik jalpyға mindetti standartaryn bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Gylym және joғary bilim ministriniñ 2022 jylғы 20 şildedegi № 2 büiryғы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916> [in Kaz.]

3. Vahnickaya M.G. Kommunikativnaya kul'tura kak komponent yazykovej podgotovki budushchego pedagoga. // Cercetarea Şi Inovarea Educaţiei Din Perspectiva Exigenţelor Actuale Ale Pieţii Muncii (Ediţia 1, Vol.2). [https://ibn.idsi.md/vizualizare\\_articol/147443](https://ibn.idsi.md/vizualizare_articol/147443). [in Rus.]

4. Mychko E.I. Praktiko-orientirovannye tekhnologii formirovaniya kommunikativnoj kul'tury pedagoga: dis ... doktora ped.nauk: 13.00.08. – Kaliningrad, 2002. – 421 s. [in Rus.]

5. Isaeva T. et al. Psychological and pedagogical aspects of simulation technology at English lessons for future engineers of the agro-industrial complex //E3S Web of Conferences. – EDP Sciences, 2021. – T. 273. – С. 12011. <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202127312011>

6. Kashyna H., Lebedeva V., Kashtalian M. Simulation teaching technology in modern educational system reformation. – *Science and Education*, 2017. P.57-62. <http://dspace.pdpu.edu.ua/handle/123456789/6208>

7. Pollard Endrii Refleksivti oqytu negizderi. – Алматы: «Ұлтық аударма бюросы» қоғамдық қоры, - 2020. – 728 бет. – 458-459 б.б. [in Kaz.]

8. Daoudi K., Gantare A. Exploring Educator-Student Communication Patterns in Health Education Settings: A Scoping Review. - *Pakistan Journal of Life and Social Sciences*, (2024), 22(2). P. 5099-5114. <https://doi.org/10.57239/PJLSS-2024-22.1.00375>

9. Vasenko V.V., Kovtun N.I., Krasiuk L.V. Formation of professional linguistic and communicative competence of future primary school teachers in the process of studying professional disciplines. – *Вісник науки та освіти*, №2(20), 2024. P.568-582. [https://doi.org/10.52058/2786-6165-2024-2\(20\)-568-582](https://doi.org/10.52058/2786-6165-2024-2(20)-568-582)

10. Bajdyuk L. Formuvannya komunikativnoi kompetentnosti majbutnih uchiteliv pochatkovoї shkoli v suchasniuh umovah (Formation of communicative competence of future primary school teachers in modern conditions) //Problemi pidgotovki suchasnogo vchitylya. – 2022. – №. 2 (26). – S. 59-69. [https://doi.org/10.31499/2307-4914.2\(26\).2022.267621](https://doi.org/10.31499/2307-4914.2(26).2022.267621) [in Ukr.]

11. Blahun N., Hotsuliak K. Development of speech culture in the context of professional training of future primary school teachers //Mountain School of Ukrainian Carpaty. – 2020. – №. 23. – С. 81-84. <https://doi.org/10.15330/msuc.2020.23.81-84>

12. Sankey M.D., Huijser H., Fitzgerald R. (ed.). *Technology-Enhanced Learning and the Virtual University*. – Springer,

2023. – 671 p.

13. Angelini M. L., Muñiz R. *Simulation for participatory education*. – Springer, 2023. – 476 p.

14. Prial S. *The Perceptions of Using Simulation Technologies on Knowledge Retention in Professional Environments 2-5 Years After the Simulation Experience: A Qualitative Study*. - Capella University, ProQuest Dissertations & Theses, 2022. - 118 p.



15. Kienitz A., Krebs M. C., Eitel A. *Level one: Teaching practice – Does playing a digital teaching simulation game foster novice student teachers' perception and use of theoretical knowledge?* // *Computers & Education*. – 2025. – Т. 231. – С. 105277. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2025.105277>

16. Tapalova O. i dr. *Psihologicheskie osobennosti vliyaniya cifrovogo obucheniya na social'no-kommunikativnyy kul'turu i kompetentnost' prepodavatelej i studentov* // *Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Psihologiya*. – 2024. – Т. 78. – №. 1. DOI: [10.51889/2959-5967.2024.78.1.024](https://doi.org/10.51889/2959-5967.2024.78.1.024) [in Rus.]

17. Erbulatova I.K. және т.б. *Tehnikalyq joғary oqu orny studentterin oqytu uderisinde roldik oiyndardy goldanu tajribesi // Abylai han atyndaғы QazHqjaneĀTU Habarşysy. Pedagogika ғылымдары seriasy*. – 2024. – Т. 72. – №. 1. DOI: <https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.72.1.005>

ГТАХР 14.25.09

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.88.4.015>

Б.О.Жанкушков, <sup>1\*</sup>  А.С.Амирова <sup>1</sup> 

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ЭЛЕКТРОНДЫ РЕСУРСТАР АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада электронды ресурстарды пайдалану арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздері қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру педагогтің кәсіби даярлығының ажырамас бөлігі болып табылады. Зерттеу барысында электронды ресурстарды (онлайн платформалар, мультимедиялық құралдар, цифрлық білім беру контенті, интерактивті тапсырмалар) тиімді қолданудың мүмкіндіктері талданды. Сонымен қатар, болашақ мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың кезеңдері, әдіс-тәсілдері мен практикалық жолдары ұсынылады.

Әдістемелік тұрғыда болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіру, білім беру үдерісін цифрландыру, оқыту сапасын арттыру бағыттары негізделген. Ұсынылған әдістеме педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу процесінде қолдануға қолайлы және білім алушылардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері электронды ресурстарды оқу-тәрбие процесіне кіріктіру арқылы білім алушылардың білім сапасын көтеруге, заманауи педагогтің кәсіби бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге ықпал ететінін көрсетті.

**Түйін сөздер:** электронды ресурстар, цифрлық құзыреттілік, бастауыш сынып мұғалімі, әдістеме, ақпараттық-коммуникациялық технология.

Жанкушков Б.О., <sup>1\*</sup>  Амирова А.С. <sup>1</sup> 

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

## МЕТОДИКА ФОРМИРОВАНИЯ ЦИФРОВОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ЭЛЕКТРОННЫХ РЕСУРСОВ

*Аннотация*

В данной статье рассматриваются методические основы формирования цифровой компетентности будущих учителей начальных классов посредством использования электронных ресурсов. В современной системе образования овладение информационно-коммуникационными технологиями является неотъемлемой частью профессиональной подготовки педагога. В ходе исследования проанализированы возможности эффективного использования электронных ресурсов (онлайн-платформы, мультимедийные средства, цифровой образовательный контент, интерактивные задания). Кроме того, предложены этапы, методы и практические пути формирования цифровой компетентности будущих учителей.